

**Жазата туралы көп жазылды. Жазған дардың да, жазылған дүйелердің де жасығын байқаған емеспіз. Алматыдан ат сабылтып келгендердің ішінде халқымыздың мүйізі қарагайдай қаламгерлері де болды. Көп тауысар сынды сарка жазатын сол сырбаз ағалардан тақырыбына талғажау боларлық бірдене қалса жақсы. Бірақ “ел іші – кеніш” деген рас. Ерінбегенге саф алтынның өзі болмаса да, күміс пен мысы табылып қалады. Барды ұқсата білетін ұсынақты жанға бұл да кәдімгідей байлық.**

Жазатаның данқы дүркіреп тұрғанда Бат-тал Жанабаев деген ағамыз Жамбыл өңіріндегі облыстық газетте көп жыл қызмет атқарды. Былтыр сол Бәкен талабы таудай бір немересіне Еңбек Ері атағын екі мәрте алған Жазылбек Қуанышбаевтың “Қайнар” баспасынан ширек ғасыр бұрын жарық көрген “Үрпакқа ұлағат” деген кітабын аса ыжда-наттықпен сыйға тартты. Тарыдай ғана кітапшаның мұқабасына “Өмір - бәсеке. Өмісе бәйгеден келе беруіне тілектеспін. Бір Алла жар болсын! Атан Баттал”, деп жа-зып-ты. Ой-санасы озған, сөзі мен ісі түзелген, керек-жарағы жанарған қазіргі уақытта не көп — сыйлық көп. Қол созым жердегі ба-зарда кез келген адамның қалтасын қотаратын заттар толып тұрғанда, Баттал ағаның тала-бы таудай немересіне жайлауы берекеге, ша-ны-рағы мерекеге мелдекеп өткен Жазата-ның “қоян жылғы” кітабын сыйлауында не гәп бар? Кітапқұмарларға тән әуестікпен кітаптың соңғы парағына үнілсем, “әдеби ондеген журналист Қасымбай Асаубаев” деп жазылыпты. Қасымбай ағаны жақсы білемін. Жазатамен жасаған “шығармашылық одағының” жай-жапсарын білу үшін дереу телефон шалдым.

— 1968-1969 жылдары қар қалың жауып, қыс аяғы ұзақ кетті. Қоғамдық мал қорадан шыға алмай қалды. Қоптеген малшылар торт түлігінен айырылып, таяғын ұстап қалды. Мен ол кезде облыстық радионың редакциясында қызмет істеймін. Обкомның тапсырмасы бойынша Жазекеннен сұхбат алатын болдым. “Жамбыл” қонақ-үйіне орналасқан Жазатаның болмесінің есігін қақтым. Ар жақтан “кел, кіре бер” деген дауыс естілді. Бұрын Жазатаның суретін көргенім болмаса, жүзбе-жүз кездескен емеспін. Орта бойлы, қызыл шырайлы, балуан денелі, тығыншықтай кісі екен.

Менің сол кездегі бір пұттық ре-пор-терімді ыңғайлай бастағанымды көріп:

– Сәл сабыр ет, шырағым. Алдымен дәм тат, – деп жаюлы дастарханға шақырды.

Сол жолы Жазатаның ақыл-көнеске толы сөздерін радио арқылы қыстан қы-сы-лып отырған халыққа жедел таратып жібердім. Кейін тағы да дастарқандас болдым. Жазатаның 80 жылдығы тойланар тұста осы кездесулер кәдеге жарады. “Қайнар”

баспа-сынын тапсырмасымен “Үрпакка влагатты” бір деммен жазып шыктым, – деді Касаган.

Акылга жүгініп, аргы-бергіге ой жүгірт-сек – Жазатанын өміріндегі қуаныш атаулы домбыранын ішегіндей жүптаса күй тоғип отырыпты. Егізден өрген толдері мен екі дүркін алған Енбек Ері атағын айтпағанда, қылышынан қан тамған Кенес өкіметінің түсын-да Жазатанын отбасы, ошак қасынын үйітқысы – апаларымыздын өзі екеу бол-ған. Пайгамбар жасына келгенде қорған пер-зенттері Қойшыбай мен Тойшыбай да өгіз. Баттал аға, бәлкім, немересіне дүркін-дүркін батыр бол деген ниетін Жазатанын тарыдай кітабындағы өсіеттері арқылы білдірген шығар...

## **АКЫЛ АУЫСАДЫ, ЫРЫС ЖҮГЫСАДЫ**

Жаксыдан жол тілеп, батырдан ырым ету жаксы дәстүр. Мойынқумға келген халқы-мыздын біртуар перзенті Нүргиса Тілендиев ағанын ырымы да қырын кетпепті.

– Шанағына қасиет ұялаған қара дом-бы-ранын құлағында ойнайтын дәулескер күйші, композитор, дирижер, КСРО халық өртісі Нүргиса Тілендиев Мойынқумдағы өнер сапары аяқталған сон Алматыдан құдай қосқан қосағы Дарига жеңгейді шақыртып, Жазатанын үйіне кісілік құрметпен, кішілік ізетпен сәлемдесе барады. Қонақтары дастар-қан басына алқа-котан жайғасқан сон Жазата:

– Жеті атасын білмеген жігіт жетесіз деген. Қай тек, қай рудан боласындар? Айта отырындар, – деп әңгіме бастайды.

Дарига жеңгеміздің аузынан:

– Жалайыр боламын, ата, – деген сөз шығуы мұн, атамыз Дариганын мандайынан сүйіп, Нұрағана бұрылады.

– Сен қанша мықты күйші болсан да, маған күйеу бала болып шықтың. Пайгамбар да күйеу баласын сыйлаған, сәлемнен басқа не шаруан бар, айта отыр, – деп, қазақы мәселені қабырғадан қойып қалады.

Қолы ашық Жазатанын мұнысы “айран сұрай келіп, шелегінді жасырма”, дегенді қалжыңға бұрғандағысы болса керек. Нұраған саспайды.

– Жазеке, шаруанын үлкені мынау, – деп, Жазатанын иығына шапан жауып, от-ба-сындағы ақ жаулықты аналарымыз бен бала-шағаға деп Алматынын базарынан

ал-дыр-ган бір шабадан сый-сияпатын ортага үйе салады.

“Сыйга – сый, сырага – бал”. Жаны жаз, колы ашык Жазата Нұраганды шыга-рып салып тұрып:

– Калауынды айт, күйеу бала, – дейді тағы да. Сонда карагайға карсы біткен бұтак сынды Нұрага:

– Жазеке, жүйбайым екеуміз күдайдан бір жаман неме тілеп жүр едік, озіннін терін сінген бір іш киімінді ырым гып берсен бол-ды, баска ешнәрсе каламаймын, – деп акта-ры-ла кетеді. Агаш уықты, киіз туырлықты елдің отымен кіріп, күлімен шыккан, казакы салт-дәстүрге канык басшы Айтбай Назар-бе-ков әнгімені созбай Жазатанын дамбалын алдырып, оратып береді. Түндігі мен кінді-гіне күт дарыган шалдан аттай гып калап алган ырымын күдай хош корді ме, Нұргиса агамыз бен Дарига женгеміз коп ұзамай перзентті болады. Кісіліктің жолын кесіп отпей-тін ақылман басшы Айтекен бұл қуа-ныш--ты хабарды естіп, казактын күйі шал-кы--ган кара шанырагына нәрестелеріннін бауы берік болсын деп айта барып, Жазата-нын сәле-мін жеткізеді. Халқымыздың бо-ріктілері сәбиді копсінбеген, келіндері “бала-шага кобейіп кетті деп” тепсінбеген. Перзент үшін Нұраган батыр Баукеннін де іш киі-міне “күда түскен” екен. Оны кейін оқыдык кой.

Мойынқум ауданындагы ардагерлер ке-не--сінін торагасы Жиенқұл Кемелқұлов ага-мыз осылай деп әнгімесін ары карай жал-гас-тырган.

– Жазатанын күтты койнынан ырым ете-тін-дер жанында да жүріпті. 1970 жылдың сәуір айы. Кар еріп, жер аягы кеніген. Бір малым екеу болсын деген Карабогет, Байтал, Мойын-қум, Шу және Күмозектің шопандары коктемгі толдін камымен Болат тауына коныс тепкен. Мен аудандык оку болімінін ага инспекторы едім. Ол кезде 9-сынып окушы-лары коктемгі он-дірістік тәжірибесін шопандар ауылында откізетін.

Қыстан қысылып шыккан шопандар коктеуіне жайгасып, конілдері әбден жай-лан-ды-ау деген кезде ауданнын бірінші хатшысы А.Назарбеков, аудандык аткару кенесінін торагасы Ә.Досымбаев және “малшылар маршалы” атанган Жазата бар – Аркадагы Болат тауынын баурайында той откізді. Жазата ортага шыгып, малшы бауырларына тол алу науканы кезінде түнде үйкыны, күндіз күлкіні койып, бел шешпей енбек етуге шакырды.

Жиын аякталып, той дүрмегі басылган сон Жаза-та мен аудан басшылары Мойынқум кен-шары-нын ага шопаны, КСРО Жоғарғы Кенесі-нін депутаты болган Мешітбай Койшыбековтын үйіне түсті. Ертесіне конактар кайтуға жиналды. Дәл осы сәтте Жазата басынан тастамайтын такиясын таппай, шөт-шөлекей болды да калды. Жазатанын шашбауын котерушілер де әлек-шөлек. Басшылар болса иіріліп, Жазатаны күтіп тұр. Сойтсек, Мешітбайдың үйіндегі Токтар женгеміз котерген күрсагы шетіней берген сон Жазатанын такиясын ырым гып, тыгып койыпты. Абырой болганда, женгеміз коп кешікпей күрсак котеріп, дүниеге Сәкен атты кошкардай үл әкелді. Казір сол бауырымыз үш мүшелді артка тастап, Мешітбай агамыздың түтінін түзу үшырып отыр. Үлкен шанырақтың иесі. Женгеміз Токтар әже атанып, немерелерінін қызыгына кенеліп отыр.

## КОЙМЕН БІРГЕ ОЙ БАККАН ШЕЖІРЕ ШАЛ

Өр дәуірдің өз үні, өз түсінігі бар. Кеңес өкіметінің түсындағы “бесжылдықтар” саясатының жарапазаншылары Жазатаны койдан басқа ойы жоқ, күйкі тірліктің күйкентайы ретінде көрсеткісі келгені де жасырын емес. Бәлен бас козы, түген дана елтірі деп келетін ақпарлар Жазекеннің алып түлгасын, ақылман бет-бейнесін күжынаган цифрлардың астына салып, қасан созбен көміп тастайтын. “Жазекен айтыпты” деп, қора-көпсының төнірегінен үзамайтын әнгімелер тудыратын. Жазата бірде былай деп күліпті.

– Ел іші мен шығарған деп мынандай әнгіме күрап алыпты. Олардың шатпағынша “ол да барды тойға, мен де бардым тойға, оның ойы тойда, менің ойым койда” дейді екем. Мен бүлай деп ешуақта айтқан емеспін...

Мүны неге айтып отырмыз? Жазата әлемде болып жатқан жақсыға сүйініп, жаманға күйіне білетін, адамзаттық әуенді әуезе гып жүретін жаны ізгі адамдардың бірі болған. Бірде ол отбасына жиналып қалған қаламгерлерге:

– Әй, қарактарым, сендер менен жас-сындар, әрқайсының тандаған мамандықтарын бар. Енді ешқайсын шопан болмайсындар. Ол – ақиқат. Сондықтан мен сендерге малдың жай-күйін, қора-көпсының жағдайын, тоқты-торымның жақсы-жаманын ежіктеп, бастарын-ды қатырмайын. Одан да мына әнгімені айтайын, – деп, қызыл шырайлы жүзін томен салып біраз ойланып отырады да:

– Осыдан бірер жыл бүрын Алматыда алқалы жиын болды. Оған “секенін” (ЦК – К.С.) хатшылары, міністірлер, облыс, аудан басшылары қатысты. Мандайлары жарқырап академик-жазушылар да келді. Мен күдай бүйыртып, Мүхтар Әуезовпен қатар отырып қалыппын. Баяндама біткен сон соз облыс басшыларына тиді. Біздің онірден Асанбай Асқаров мінбеге шығып, создін тиегін ағытқан кезде Мүхан қозғалақтап:

– Бәлі, мынау қай бала? Озі болайын деп түрган азамат қой, – деп қалды.

– Біздің облысполкомның бастығы гой, – деп мен маркайып қалдым. Мүхан:

– Жүлқынып түр екен. Біздің жаққа не күйеу, не жиен болып келетін шығар-ау, – деп күлді.

Сол көменгер жазушы біліп айтты ма, жок әзілдеп айтты ма, кейін сұрастырсам Асанбай Семей жакка күйеу бала болып келеді екен. Менін жасаган түйінім – дарынды дарын гана таниды екен. Жабылардын өмірі күнкіл мен күн-шілдікпен зая отсе, түлпардан түлпар жары-сып кана озады екен. Мен кой багып жүргем жок, казактын болашагы үшін туган жайсандар туралы ой да багып жүремін, қарактарым, – депті.

Асанбай Аскаров, шынында, кейін атқару ко-митетінің торагасынан облыс басшысы дәре-же-сіне көтеріліп, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Казакстан облыстарын басқарды. Әсіресе, Оңтүстік Казакстан облысында қалган іздері нағыз жасампаздыктын, жанашылдыктын үлгісі болды. Оны керек болса Кенес өкіметінің сынаржак саясаты да жокка шығара алмады.

Жазатанын ойы өнөмі халкы үшін туган батыр мен бағыландарда болғанын мына жәйттен де аңғаруга болады.

Ресей отаршылдары казак жерінің ту-талақайын шығарып боліп алып жатқан түс болса керек. Ағыбай батыр жер дауымен Батыс Сібір генерал-губернаторы болган Гасфортка барып, елі мен жерінің тағдыры үшін неден болса да аянбайтынын білдіреді. Батырдын өкпінінен жер дауы шешіліп, ушыккан мәселе дұрысталады. Батырдын көніл-күйі орнына түскен шақта генерал-губернатор суретшісін ша-қыр-тып, Ағыбай батырдын қайталанбас кел-бетін сыздыртып алады. Кейін батыр бейнесі тү-зем-діктердің көсемі ретінде Эрмитажға жөнел-тіледі.

Жазата күдай берген бак пен дәулеттің арка-сында Ленинградка барган сапарында сол суретті көріп, батыр бейнесінің қасынан айнал-сок-тап шыкпай қояды. Арыдагы Ағыбай түр-мак, берідегі Ахмет Байтұрсыновтын суретін коруге зар болган заманда алдынан шыккан мына сурет Жазатаға керемет олжа болып көрі-неді. Халкына Енбек Ері деген дап-дардай атагы-нын абырой-беделін осындайда көрсет-пегенде, қай уақытта көрсетеді? Жазатанын кол-қа-лауымен Ағыбай батырдын суретінің көшір-месі жасалады. Елге жеткен “тойдан тобықтай-дын” өн үлкен олжасы да осы күнды мүра болады.

Бүны – Жазатанын аркасында Эрмитаждан елге оралган алғашкы жәдігер десек те болады. Казак өлінің сол кездегі басшысы Дінмұхамед Конаев казак батырынын шын көскін-келбеті табылғанына қуанып, сүйіншіге Жазатаға автокөлік бергізеді.

“Әруак риза болмай, тірі байымайды”. Осы жыл Жазата үшін күтты жыл болады. Жамбыл жәкеміз жырга қоскан Ленинградта өткен бүкіл-одактык жастар слетінен Алтын медальмен ма-ра-патталып келсе, аудан орталыгына бюсті ор-на-тылыпты. Аты-жөні өліміздің Күрмет кітабына жазылган.

## **ЖАЗГАН СӨЗІН, АТКАН ОГЫН МҮЛТ КЕТПЕСІН**

Жазата туралы толғанганда абыз аксақалдын өзі жер жаннатына балап кеткен Мойынқумды мақтай отырғанның айыбы жоқ. Адамдары – мінезге, жері – анга бай өңір бұл қошеметке әбден лайық. Сексеуіл-жыңғылы бұр жарған Мойынқум, әсіресе, қоктемде құлпырып кетеді.

Сөз өнерінің хас шебері, классик-жазушы Габит Мүсірепов Мойынқумға анда-санда келіп-кетіп тұрған. Мойынқум – ежелден үшқан құс, жүгірген анга бай. Габен мылтығын сайлап алып ан-құс аулайды, одан жалықса қаламын ұштап, жазуын жазады. Жазу – ол кісі үшін шын зергердің қолынан шыққан бұйымдай мінсіз келуі керек. Атқан оғы да, жазған ойы да нысанасынан лағып кетпейді. Екі өнердің екеуіне де шебер. Дос пен дұшпанға сыр алғызбайтын сырбаз қаламгердің осы қасиетін байқап жүрген Жазата:

– Бұл інім қаламын үшкірлеп алып, қағаз жазудан қолы босамайтын Алматының жалаң-аяқ жазғышы ма десем, құралайды қозға атқан үлкен мерген екен. Жазған сөзін де, атқан оғын да мүлт кетпесін, інім! – деп, ақ батасын беріпті.

## **БІРІ – ТАУ, БІРІ – ТЕНІЗ**

– Бірде Жазатаны Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров онтүстікке шақырды. Қол ұзамай сонда аттандық. Жазата Асекене Шымкенттегі қызметіне табыс тіледі. Асекеннің ойы қазақтың біртуар үл-қыздарының басын қосып, өзі ұйымдастырған дендропаркке шынар отыр-ғызу екен. Шынар егіліп, мерекелік дастархан рәсімі біткен сон Жазата Арыстан баба, одан ары Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесе-н-е-сі-не барып, мұсылманшылық жолмен құран оқытпақ болды. Құдай сәтін салса Шиеліге барып, атакты замандасы Ыбырай Жақаевқа сәлем беріп, ол кісінің дүниеден қайтқан зайыбына бата жасамақ.

Жазата Арыстан баб пен Қожа Ахмет Ясауи мазарына тәу етті. Өулиенің шығыс үлгісінде салынған моншасының әрбір тасы мен қышын ұстап қорді. Мазардағы қолтанба қалдыратын кітапқа “Қуа...” деген үш әріптен ғана тұратын қолтанбасын қалдырды. Бәрі біткен сон мені шақырып алып:

– Балам, мен өмірден әліпті таяк деп біл-мей отіп барамын. Алла маған қос жар берді, қос жұлдыз берді, қос перзент берді. Ал мен бол-сам намаз оқу түгілі, ораза тұтқан емеспін. Мына мазарды арала-тып жүрген қызға қандай жолында берген зекет ретінде елу сом ақша ұстатсам, қалай қарайсын? – дегенде, өзімді қоярға жер таппай, жанынан қалай жылыстап кеткенімді білмей қалдым. Кейін естідім, қыз балаға елу сомдықты алмасына қоймай беріп тұрып:

– Балам, оркенін өссін, бағын ашылсын! Мынаған ата-анана қант-шай сатып әпер, Жаза-таннан дүгәй сәлем айт! – депті жарықтық.

Кенес өкіметінің сынаржақ саясаты бір жағынан жарылқап жатса, екінші жағынан жегідей жеп жатқанын Жазата білген сияқты.

Сапар одан ары жалғасып, Қызылорда облысының Шиелі ауданына келдік. Ыбырай Жақаевтың ауласы лық толы адам. Барлығының ойы – қос батырдың қуанышының қуәсі болу. Бір байқағаным – мұнда Енбек Ерлері көп екен. Бір ғана “Қызыл Ту” колхозының өзінен 15 Енбек Ерi шығыпты. Кешкі ас үстінде Ыбырай Жақаев пен Жазата сөйлеп отырды. Жазатаның үлкен парасат иесі ғана емес, соны-мен бірге бітім-болмысымен, отырыс-тұры-сы-мен, тіпті ас ішіп, аяқ босатуымен де шиелілік-тердің ілтипатына боленді.

Ас-су демекші, Ыбырай қарияның үйінде 15 Енбек Ерi жағалай асқа отырды. Дастарқан мәзірі мол. Көбісі майлы тағамдар. Шай үстінде жеңіл болсын деп тұшпара әкелді. Мен тамағына астын дәмін келтіретін қоспаларды салуға ынғайлана беріп едім, Жазата:

– Әй, сары май тұрғанда басқа тамақ тамақ па? – деп, шағын ыдысқа салынған тұшы-тыл-ған сарымайды үлкен қасықпен қосіп алып, тұш-параның үстіне салды. Табақтағы сары май-дың бір жағы опырылып, ортадан төмен түсіп қалды. Тұшпара майға жүзіп шыға келді. Сосын Жазата аспай-саспай тұшпараны теріп жеп алды да, сары майы кілкіген сорпаны табактың ернеуінен бір-ақ сімірді. Жазата ауырып қала ма деп ауданнан ере шыққан дәрігер Тұрар Айдынбековтің мазасы кете бастады. Жазата болса жан қалтасынан қолдей орамалын шығарып, аузын сүртті де:

– Пау, шіркіннің дәмдісін-ай, – деп қойды.

Ыбырай атамыз Жазатаға бұрылып:

– Осы сенің екі қатының бар, менде біреу еді, о да қалмады. Енді бір қатының-ды маған бермейсін ба? – деп әзіл тастап еді Жазата:

– Сенен аяғанды ит жесін. Алсан ал, бірақ қалың малың төлемеген қатын қатын болып тұра ма, ертен-ақ қайтып келеді ғой, – деп қарымта әзілмен жұртты ду құлдірді.

Дастарқанға бата берілген соң Жазата Ыбырай ағасының иығына шапан жауып, ақ батасын алып, елге оралды.

Жиенқұлдың осы естелігіндегі Жазыл-бек пен Ыбырайдың жарастығын Ахметәлі

Жангозиев ағамыз да айтып кетіпті.

Жетпісінші жылдардын басында Алма-тыда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесі болады. Кеңесте Жазылбек Қуанышбаев пен Ыбырай Жақаев бір-бірімен сағынышпен кездеседі. Суретшілер осы сәтті тосыннан түсіріп алып, акындар олардын таудай асқақтап, теңіздей шалқып тұрған кезін:

Міне, осылай бас қосты екі батыр,

Боп қалды қосылғандай екі ғасыр.

Бірі – тау, бірі – теңіз секілденіп,

Екеуі жұбын жазбай келе жатыр, – деп, оленмен орнектеп қойыпты.

## **ЖАЗАТА АУЫЛЫ ДЕСЕК**

жарасып-ақ кетпей ме?!

Жазата өмір сүрген Мойынқум ауданында бүгінде Ондасын Жиенқұлов әкім болып отыр. Осы мақаланы жазарда Ондасынмен бірнеше рет сөйлестік.

– Құдай сәтін салса, биыл Жазатанын 110 жылдық мерейтойын малшылардың ме-ре-ке-сіне айналдырып, аудан халқына үлкен той-думан жасап беруге дайындалып жа-тыр-мыз, – деп қалды ол бір әңгімесінде. Жаза-танын әруағы алдында Ондасын да қарыздар...

– Жазата сүйікті сусыны — шұбат бол-ған--дық-тан, түйе ұстайды екен. Түйеге қора шак келе ме, жарамсыз болып қалған қора-ны жон-деуді аудан басшысы сол кездегі жылжымалы механикаландырылған құры-лыс мекемесінің бас инженері маған тап-сыр-ды. Жазатанын қонысынан шыққым келіп:

– Ата, түйенің қорасы қандай болады? – деп едім:

– Түйенің өзі қандай болса, қорасы да сондай болады, – деп қария бұрылып жүре берді. Бүгін ойлап қарасам, Жаза-танын сол бір ауыз сөзінің өзі сабақ екен ғой, – дейді аудан

әкімі Ондасын.

Жазата 1896 жылы 29 наурызда Мой-ын--күм ауданындағы қазіргі Жамбыл ауы-лынын аумағында дүниеге келген. Әкесі орта шаруа болған. Бірақ азамат соғысы кезінде кедейшілікке ұшырап, Жа-зе-кен амал жоқ жалшылыққа жалданады. Ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастырыла бастаған жылдары Кенес колхозына (кейін Айдарлы кеншары болып өзгерді) мүше-лік-ке отіп, шопан болып, ақ таяқты қо-лына ала-ды. Міне, осыдан бастап Жазекеннің жана өмірі басталып, 1936 жылы Алматыда өткен ауыл шаруашылығы қормесіне қа-тысады. 1941 жылы Шымкент облысынан әкелінген 20 бас қарақол қойын жергілікті саулықтармен будандастырып, жана тұқым өсіреді. Әр 100 сау-лықтан 130-дан төл алып, мемлекетке елтірі-нің 85 пайызын 1-сортпен өткізгені үшін 1948 жылы Еңбек Ері атағын алды. Жазата өндірген қарақол елтірілері Дели, Бухарест, Познань, Нью-Йорк қала-ларында өткен халық-аралық жәрменке-лер-де өте жоғары бағаланды.

1958 жылы Жазата омырауына екінші Алтын Жұлдыз тақты. “Қазақ КСР-нің мал ша-руашылығына еңбегі сінген шебері” ата-ғын алды. Қоп жыл Қазақ КСР Жоғарғы Кене-сі-нің депутаты болып сайланды. Колхозшы-лар-дың бүкілодақтық ІІІ съезіне және Қазақ КСР-і мен Қазақстан Қом-пар-тиясының 40 жылдығына арналған салтанатты мәжілісіне қатысты.

Жазата 1963 жылы еңбек демалысына шықты. Бірақ шаруа баққан адам 1966 жылы атакәсібіне қайта оралып, әр 100 саулықтан 141-ден қозы алып, әр қойдан 4,8 кг. жүн қырықты. Қарақолдың бірінші сорттылығын 85 пайызға жеткізіп, мал басын аман сақтады. 1966 жылы облыста жазылбекшілер мектебі құрылды. Сонына ерген шәкірттері Шоман Шәріпбаев, Ділдәш Итбасова, Зарлық Қоғамбаев, Нұр-жамал Тұғанбаева, Өлтай Төлеп-бергенов, Дүрдімұрат Нұрғалиев, Құдай-берген Біртаев, Гүлзада Төлеубаева, Боғенбай Би-дасбеков, Мешітбай Қойшыбеков, Өбітай Бектеміров, Құләш Елубаева, Рымқұл Өбжанов, Манатқұл Мұсатаева, Дүйсенбай Айранбаев, Орынбасар Бопышев, Дәулет Шыныбаев, Айтжан Қопбергенов табыс биігіне қотерілді.

1967 жылы Жазатаның шанырағын шат-тыққа бөлеп Қойшыбай мен Тойшыбай дүние-ге келді. Жазата осы жылы өзін атак-данққа бөлеген атакәсібімен біржола қош-тасып, ақ таяғын шәкірті Боғенбай Бидасбаевқа тапсырды.

1986 жылы Жазата 90 жасқа төлды. Қазақстан осы айтулы күнді ерекше атап өтті. Бәйге, қоппар, қазақша күрес тойдың қорігін қыздырды. Той үстінде Жазатаның “Халықтар достығы” орденімен марапат-тал-ғаны жария-ланды. Бірақ орденді тап-сы-ру рәсімі кешеуілдей берді. Сойтіп, қоп күттірген орден 24 тамызда мұғалімдер мәслихаты үстінде табыс өтілді. Осы марапаттан кейін бір жұма өткенде, яғни 1 қыркүйек күні екі дүркін Еңбек Ері болған Жазата дүниеден өтті.

Бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде қазақ хандығының туы алғаш рет Қозыбасы биігінде қотерілген депті. Сол Қозыбасы Мойынқүмға барсан қозықош жерден қорініп тұрады. Мойынқүмның одан кейін тұмары да, жыр-әні де – Тұлпарсаз. Тұл-пар-дың тұяғы сүрінбейтін осы сазда Керей мен Жәнібек қазақ хандығын

влықтаган деп твжырады абыз тарих. Осы казак хан-дыгынын туы тігіліп, алаштын ардакты-лары-на айналган Жамбыл Жабаев, Жа-зылбек Куанышбаев, Кайрат Рысквлбеков дүниеге келген онірдегі атакәсіптің абыройын аскактатып, табысын арттырган, сойтiп елі-жvртынын шексіз кvрметіне бо-ленген Жазатанын ерен енбегін насихат-тауды сvйылтпау керек сиякты. Неге?

Жетпісінші жылдан бастап дәстvрлі түрде өткізіліп келе жатқан казакша кvрес-тiн бөсекесі тоқтап қалды. Осы vлттык спорт түрiн республикалық бiрiншiлiк дәре-жесiнде қайта жандандыру керек. Кезiнде бvл дәстvрлі жарысты вйымдастыруға атак-ты спортшы, белгiлi бапкер М.Жа-китов, Т.Әпсаматов, Р.Шанлақбаев көп енбек сiнiрген. Алғашкы турнирде аудан түлегi Әшiмхан Сатыбалдиев жөнiмпаз атанған. Жазата атындағы осы республикалық турнирдi неге жандандырмасқа?!

Одан кейiн... Мойынкvм – тарихи атау. Оған дау жоқ. Бiрақ Мойынкvм ауданы, Мойынкvм ауылы деген қайталаулар бар. Сондықтан Мойынкvм ауданы деген атты қалдырып, ал онын Мойынкvм ауылы деп екiншi рет қайталанатын атын Жазылбек ауылы десе, Жазатанын қос жvлдызындай жарқырап, жарасып кетер едi. Бvл мәселе Мойынкvм аудандық мәслихатта екi рет қаралып, облыстық мәслихатында бекiтiлiптi. Бiрақ жоғарғы жақтағы тиiстi комиссиялардан “Мойынкvм тарихи атау, сондықтан оны өзгертуге болмайды” деген жауап келген. Жазатанын 110 жылдық мерейтойына орай осы мәселе тағы бiр рет ой елегiнен өткiзiлiп, он шешiмiн тапса, облыс, аудан түргындары vшiн vлкен рухани сыйлық болар едi.

**Авторы: Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ.**

**"Егемен Казакстан"**